

Сырдария ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 18 наурыздағы N 86 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 сәуірде N 4429 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы N 537 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 20.12.2013 N 537 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабына, "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 544 Қазақстан Республикасының Заңының 8 және 27 баптарына, 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 371 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген "Ішкі сауда ережесіне" сәйкес Сырдария ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Сырдария ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Нұртазаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Әбілтай

Сырдария ауданы әкімдігінің

2013 жылғы 18 наурыздағы

N 86 қаулысына қосымша

Сырдария ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар

N	Кент және ауылдық округтер атауы	Сауда орындары
1	Ақжарма ауылдық округі	Ағатай Есентұров көшесі ("Ақжарма" дүкенінің арқа беті)
2	Іңкәрдария ауылдық округі	Қасым Сейдахметов көшесі ("Айзада" дүкенінің жаңы)
3	С.Сейфуллин ауылдық округі	Сәрке батыр мен Бәйтен батыр көшелерінің қиылысы

4	Нағи Ілиясов ауылдық округі	Достық көшесі (аялдама жаны)
5	Аманкелді ауылдық округі	Абдолла Ағайдарұлы көшесі (мәдениет үйінің жаны)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК